

Терроризм мен экстремизм көріністерінің алдын алу және тыю жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2000 жылғы 10 ақпан N 332.

Терроризм мен экстремизм көріністерінің алдын алу және тыю, олардың Қазақстан аумағында таралуына жол бермеу мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі: R000033

1) екі жақты және көп жақты мемлекетаралық қатынастар нысандарында визалық режимді ретке келтірсін;

2) қару-жарақты, оқ-дәрілерді және әскери техниканы сақтауға, пайдалануға және әкелу мен әкетуге бақылауды күшейтсін;

3) туристік және өзге де миграциялық ағындарды мемлекеттік реттеу мен бақылау жөніндегі шаралар жүйесін әзірлесін;

4) терроризмге қарсы күрес жөніндегі халықаралық конвенцияларға қосылу туралы, сондай-ақ терроризм мен экстремизмге қарсы күрес жөніндегі ынтымақтастық, осы салада оң тәжірибесі бар елдермен тәжірибе алмасу және мамандар даярлау туралы халықаралық шарттар жасасу туралы мәселені қарайтын болсын.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі: U060073

1) діни бірлестіктердің қызметіне мониторинг жүргізсін;

2) елде таратылатын әдебиетке дінтанымдық сараптама жасауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып халықаралық әуе, темір жол, теңіз, өзен және автомобиль қатынастарын реттеу жөніндегі іс-шараларды әзірлесін.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан аумағында болу тәртібін сақтауына қатаң бақылауды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі:

1) жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушыларын халықаралық алмасулар ісіне сараптама жүргізсін;

2) жалпы білім беретін мектептердің бітіруші сыныптары үшін дінтаным негіздері жөнінде бағдарлама мен оқулық әзірлесін.

6. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті штатта бар адам саны есебінен онтүстік, онтүстік-батыс және батыс бағыттарда қосымша кедендейк бақылау пункттерін ашсын.

7. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы үш ай мерзімде діни бірлестіктер мен діни оқу орындарының, сондай-ақ шетел қатысатын қайырымдылық, мәдени және білім беру үйымдарының заңдылықты сактауын тексерсін.

8. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне мемлекеттік органдардың терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимылын үйлестіру жүктелсін.

9. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі және Қазақстан Республикасы Президентінің Құзет қызметі штатта бар адам саны есебінен терроризмге қарсы күрес жөніндегі бөлімшелерді нығайтсын, сондай-ақ терроризм мен экстремизмнің алдын алу және тыю жөніндегі жедел-іздестіру қызметін күшайтсін.

10. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) 2000 жылдың I тоқсанынан бастап, заңсыз мигранттарды елден шығарып жіберуге қажетті қаражат бөлетін болсын;

2) орталық және жергілікті атқарушы органдар ғимараттарының, аймақтардың тіршілікті қамтамасыз ету объектілерінің және өзге де стратегиялық объектілердің, сондай-ақ маңызды қоғамдық-саяси іс-шаралар өткізілетін орындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешенін әзірлең, жүзеге асыратын болсын.

11. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі - Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы М.М.Тәжинге жүктелсін.

12. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Оқығандар: Қасымбеков Б.А.

Омарбекова А.Т.